

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1537 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Жоба

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше
м е м л е к е т т е р ,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ немесе Қоғамдастық) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістігін қалыптастыру процесінің және өзінің міндеттерінің тиімді орындалуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге
т і л е к б і л д і р е о т ы р ы п ,

халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптері мен нормаларын
б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт), ЕурАзЭҚ шеңберінде қолданыстағы осы және өзге де халықаралық шарттарда көзделген функцияларды орындау және мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді Еуразиялық экономикалық қоғамдастық пен оның лауазымды тұлғаларының пайдаланатындығына сәйкес жөніндегі 16-бабының ережелерін ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдер мынаны
б і л д і р е д і :

«болу мемлекеті» – аумағында ЕурАзЭҚ органы немесе Интеграциялық Комитеттің

өкілдігі, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің Тұрақты өкілдігі орналасатын Тарап;
«ЕурАзЭҚ органдары» – Мемлекетаралық Кеңес (Мемаралықкеңес),
Интеграциялық Комитет, Парламентаралық Ассамблея, ЕурАзЭҚ Соты;
«Бас хатшы» – Қоғамдастықтың жоғары әкімшілік лауазымды тұлғасы;
«лауазымды тұлғалар» – Тараптардың ұсынуы бойынша ЕурАзЭҚ органдары
б е к і т е т і н т ұ л ғ а л а р ;

«қызметшілер» – ЕурАзЭҚ органдарында олармен жасасқан келісім-шарттар
негізінде мамандар ретінде жұмыс істейтін тұлғалар;
«ЕурАзЭҚ өкілдігі» – Тараптар аумағында орналасқан Интеграциялық Комитеттің
ө к і л д і г і ;

«ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл (Тұрақты өкіл)» – жіберуші мемлекеттің
заңнамасында көзделген жағдайда және халықаралық құқық нормаларына сәйкес
Қоғамдастық мәселелері жөніндегі қызмет үшін және 2000 жылғы 10 қазандағы
Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттың 6-бабының 2-
тармағына сәйкес құрылған ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясындағы
жұмысы бойынша өкілеттіктер берілетін ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің басшысы
т а ғ а й ы н д а й т ы н ө к і л ;

«ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік (Тұрақты өкілдік)» – Тарап ЕурАзЭҚ-та
оның мүдделерін білдіру үшін жіберген ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл басқаратын
бір қалыпты с и п а т т а ғ ы м и с с и я ;

«Тұрақты өкілдіктің қызметкерлері» – ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл және
ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері (Тұрақты өкілдік
а п п а р а т ы) ;

«ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері» (Тұрақты өкілдік
аппараты)» – Тұрақты өкілдіктің дипломатиялық персоналының, әкімшілік-техникалық
персоналының және қызмет көрсетуші персоналының мүшелері;

«дипломатиялық персонал мүшелері» – дипломатиялық рангі бар ЕурАзЭҚ
жанындағы Тұрақты өкілдік (Тұрақты өкілдік аппараты) персоналының мүшелері;

«әкімшілік-техникалық персонал мүшелері» – Тұрақты өкілдіктің
әкімшілік-техникалық қызмет көрсетуін жүзеге асыратын ЕурАзЭҚ жанындағы
Тұрақты өкілдік (Тұрақты өкілдік аппараты) персоналының мүшелері;

«қызмет көрсетуші персонал мүшелері» – тұрақты өкілдіктің қызмет көрсетуі
бойынша міндеттерін орындайтын ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік (Тұрақты
өкілдік аппараты) персоналының мүшелері;

«Тараптардың өкілдері» – ЕурАзЭҚ органдарында Тараптардың өкілдері, осы
органдардың мәжілістеріне және Қоғамдастық шеңберінде өткізілетін іс-шараларға
Тараптар жіберетін делегациялардың басшылары және мүшелері;

«ЕурАзЭҚ органдарының үй-жайлары» – ЕурАзЭҚ-тың ресми мақсаттары,
сондай-ақ ЕурАзЭҚ-тың Бас хатшысы мен лауазымды тұлғалары тұруы үшін

пайдаланылатын ғимараттар немесе ғимараттардың бөліктері;

«Тұрақты өкілдіктің үй-жайлары» – Тұрақты өкілдіктің ресми мақсаттары, сондай-ақ ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдің және Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің тұруы үшін пайдаланылатын ғимараттар немесе ғимараттардың б ө л і к т е р і ;

«отбасы мүшелері» – Бас хатшының, Жауапты хатшының, ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдің, Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің ері (зайыбы), олардың асырауындағы кәмелетке толмаған балалар мен тұлғалар.

2-бап

1. ЕурАзЭҚ Бас хатшысы, оның органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері халықаралық қызметшілер болып табылады. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде олар Тараптардың билік органдарынан немесе ресми тұлғаларынан, сондай-ақ Қоғамдастық үшін бөгде билеушілерден нұсқаулар сұратуға немесе алуға т и і с т і е м е с .

2. Әрбір Тарап ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері функцияларының халықаралық сипатын бұлжытпай құрметтеуге және олардың өз қызметтік міндеттерін орындауы кезінде ықпал жасамауға міндеттенеді.

1. ЕурАзЭҚ артықшылықтары мен иммунитеттері 3-бап

1. ЕурАзЭҚ органдарының мүлкі мен активтері Қоғамдастықтың өзі иммунитеттен бас тартатын жағдайларды қоспағанда, кез келген нысандағы әкімшілік немесе соттық араласудан и м м у н и т е т т і п а й д а л а н а д ы .

2. ЕурАзЭҚ органдарының үй-жайлары, сондай-ақ олардың мұрағаттары мен құжаттары, оның ішінде қызметтік хат-хабарлары олардың тұрған жеріне қарамастан, тінтуден, реквизициялаудан, тәркіленуден немесе оның бірқалыпты қызметіне кедергі келтіретін араласудың кез келген нысанынан босатылады.

3. Болу мемлекетінің тиісті билік және басқару органдарының өкілдері өртті немесе кейінге қалдырылмайтын қорғау шараларын талап ететін басқа да жағдайларды қоспағанда, Бас хатшының, ЕурАзЭҚ органы басшысының немесе олардың міндетін атқарушы тұлғалардың келісімінсіз және олар мақұлдаған шарттарсыз ЕурАзЭҚ органдарының үй-жайларына кіре алмайды.

4. ЕурАзЭҚ органдарының үй-жайларында болу мемлекетінің тиісті билік және басқару органдарының шешімі бойынша кез келген іс-әрекетті орындау Бас хатшының немесе міндетін атқарушы тұлғалардың келісімімен ғана орын алуы мүмкін.

5. ЕурАзЭҚ органдарының үй-жайлары кез келген Тараптың заңдары бойынша қудаланатын немесе мүше мемлекетке не үшінші мемлекетке берілуге тиіс адамдар

ү ш і н б а с п а н а б о л а а л м а й д ы .

6. ЕурАзЭҚ органдарының үй-жайларына қолсұқпаушылық оларды ЕурАзЭҚ-тың функцияларына немесе міндеттеріне сәйкеспейтін немесе Тараптардың қауіпсіздігіне залал, олардың жеке немесе заңды тұлғаларының мүдделеріне зиян келтіретін мақсаттарда пайдалануына құқық бермейді.

7. Болу мемлекеті ЕурАзЭҚ үй жайларын кез келген басып кіруден немесе зиян келтіруден қорғау үшін тиісті шаралар қабылдайды.

4-бап

1. ЕурАзЭҚ органдары мен ЕурАзЭҚ өкілдіктері қызмет көрсетудің (қызметтердің) нақты түрлері бойынша төлемдерді және осы Конвенцияның 46-47-баптарына сәйкес төленетін төлемдерді (аударымдар мен жарналар) қоспағанда, болу мемлекетінің аумағында алынатын салықтар, алымдардан, баждардан және басқа да төлемдерден б о с а т ы л а д ы .

2. ЕурАзЭҚ органдарының және олардың өкілдіктерінің ресми пайдалануына арналған заттар мен өзге де мүліктер Тараптар аумағында кедендік баждардан, салықтар мен кеден алымдарынан босатылады.

5-бап

ЕурАзЭҚ органдары мен олардың өкілдіктері өздерінің ресми байланыс құралдарына қатысты болу мемлекетінің дипломатиялық өкілдіктерге ұсынатыннан қолайлылығы кем емес жағдайларды пайдаланады.

6-бап

ЕурАзЭҚ органдары өздерінің тұрған үй-жайларында және өздеріне тиесілі автокөлік құралдарында Қоғамдастықтың жалауын, эмблемасын немесе басқа да рәміздерін орналастыра алады.

7-бап

Тараптардың заңнамаларын сақтаған жағдайда, Қоғамдастық өзінің мақсаттары мен функцияларына сәйкес жариялымы ЕурАзЭҚ органдарының шешімдерімен көзделген баспа өнімдерін шығарып, тарата алады.

8-бап

Болу мемлекеті ЕурАзЭҚ-қа Қоғамдастыққа оның функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларды сатып алуға немесе алуға көмек көрсетеді.

9-бап

ЕурАзЭҚ сот әділдігін тиісті түрде іске асыру және құқық қорғау органдарының ұйғарымдарын орындау, сондай-ақ осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерге байланысты кез келген теріс пайдаланушылықтың алдын алу мақсатында Тараптардың тиісті билік органдарымен және басқармаларымен ынтымақтасады.

2. Бас хатшының, ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері 10-бап

Бас хатшы және онымен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса, дипломатиялық агент үшін 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген көлемде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

11-бап

1. ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары және олармен болу мемлекетінде бірге тұратын отбасы мүшелері:

1) олардың лауазымды тұлғалар ретінде айтқан немесе жазған және жасаған барлық іс-әрекеттері үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды;

2) ЕурАзЭҚ органдары төлейтін еңбекақысы мен өзге де сыйақыларына салық салудан босатылады;

3) мемлекеттік борыштан босатылады;

4) болу мемлекетіне кіру және одан шығу, шетелдіктер ретінде тіркелуден және уақытша тұруға рұқсат алу бойынша шектеулерден босатылады;

5) Қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде алғашқы орналасуға арналған заттары мен өзге де мүлкі кедендік баждарды, салықтар мен кеден алымдарын төлеуден босатылады;

6) халықаралық дағдарыстар кезінде репатриация бойынша дипломатиялық өкілдіктерге арналған жеңілдіктерді пайдаланады.

2. Болу мемлекетінің азаматы болып табылатын немесе оның аумағында тұрақты тұратын лауазымды тұлғаларға және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне осы баптың 1-тармағының «2», «4», «5» және «6» тармақшалары қолданылмайды.

3. Болу мемлекетінің азаматы болып табылмайтын лауазымды тұлғалар, сондай-ақ олармен бірге болу мемлекетінде тұратын отбасы мүшелері аккредиттелуге тиіс.

12-бап

Бас хатшының, ЕурАзЭҚ органдарында жұмыс істейтін лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді қоспағанда, жеке пайда немесе өзге тұлғалардың пайдасы мүддесінде кәсіпкерлік немесе кез келген басқа қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

Ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерден табыс алған жағдайда, бұл табыстарға салық салынады.

13-бап

Бас хатшы, ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары және олардың отбасы мүшелері кез келген көлік құралдарын пайдалануға байланысты үшінші адамдарға келтірілуі мүмкін залалдан сақтандырылуға қатысты болу мемлекетінің заңнамасында көзделген талаптарды сақтауы тиіс.

14-бап

1. ЕурАзЭҚ органдарының қызметкерлері өздерінің қызметтік функцияларын тікелей орындау кезінде жасалатын іс-әрекеттеріне қатысты:

1) оларға тиесілі не олар жүргізетін көлік құралы арқылы болған жол-көлік оқиғасына байланысты залалды өтеу туралы талаптарды;

2) олардың іс-әрекеттері нәтижесінде болған өлім немесе дене жарақатына байланысты талаптар қоюды қоспағанда, болу еліндегі сот немесе әкімшілік органдарының қарауына жатпайды.

2. ЕурАзЭҚ органдарының қызметкерлері болу мемлекетіне кіру және одан шығу бойынша шектеулерден, шетелдіктер ретінде тіркелуден және уақытша тұруға рұқсат алудан босатылады.

3. Осы баптың ережелері сол мемлекеттің азаматтығы бар ЕурАзЭҚ органдары қызметкерлері мен мемлекет биліктері арасындағы өзара қарым-қатынасқа қолданылмайды.

15-бап

Бас хатшы, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер олардың жеке пайдасына емес, ЕурАзЭҚ мүдделері үшін ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз орындау үшін беріледі.

16-бап

1. Бас хатшы, лауазымды тұлғалар мен олардың отбасы мүшелері белгіленген жерге бара жатқан кезде болу мемлекетінің аумағына келген сәтінен бастап немесе егер олар осы аумақта болған болса, Бас хатшы немесе лауазымды тұлғалар өздерінің міндеттерін орындауға кіріскен сәтінен бастап осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Бас хатшының немесе лауазымды тұлғаның функциялары тоқтатылған кезде олардың артықшылықтары мен иммунитеттері, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері, әдетте, осындай тұлғаның болу мемлекетін қалдырған сәтінен немесе оны істеу үшін саналы мерзімнің өтуіне қарай, осы сәттердің қайсысы мерзімінен бұрын басталатынына байланысты тоқтатылады. Отбасы мүшелеріне қатысты олардың артықшылықтары мен иммунитеттері, олар Бас хатшының немесе лауазымды тұлғаның отбасы мүшелері ретінде болуы біткен кезде тоқтатылады, алайда, егер осындай тұлғалар болу мемлекетін саналы мерзім ішінде қалдыруға ниеттеніп отырса, онда олардың артықшылықтары мен иммунитеттері олар кететін кезге дейін сақталатындығы ескеріледі.

3. Бас хатшы немесе лауазымды тұлға қайтыс болған жағдайда, олардың бірге тұрған отбасы мүшелері болу мемлекетін қалдыру сәтіне дейін немесе осы сәттердің қайсысы мерзімінен бұрын басталатынына байланысты болу мемлекетін қалдырудың саналы мерзімі өткенге дейін, өздеріне берілген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануды жалғастырады.

17-бап

Осы Конвенцияға сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланып отырған барлық тұлғалар, өздерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірілместен болу мемлекетінің заңнамасын құрметтеуге міндетті. Олар, сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

18-бап

1. Қоғамдастық иммунитет сот әділдігін жүзеге асыруға кедергі келтіреді және одан бас тарту берілген иммунитетке байланысты мақсаттарға нұқсан келтірмейді деп тапқан жағдайда, Бас хатшының және лауазымды тұлғаның иммунитетінен бас тартуы мүмкін. Бас хатшыға, лауазымды тұлғаларға қатысты иммунитеттен бас тарту құқығына Мемлекетаралық кеңес ие болады.

2. ЕурАзЭҚ органдарының қызметкерлеріне қатысты иммунитеттен бас тарту құқығына Бас хатшы ие болады.

3. Иммунитеттен бас тарту айқын білдірілуі тиіс.

3. Мүше мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері 19-бап

Тараптардың өкілдері ресми іс-әрекеттерді атқаруы кезінде және Тараптар аумағында Қоғамдастық ұйымдастыратын іс-шаралардың өткізілу орындарына бара жатқан кезінде мынадай артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады:

1) осындай тұлғалар ретінде жасауы мүмкін барлық іс-әрекеттерге қатысты жеке басын қамауға алынуудан немесе ұсталудан, сондай-ақ сот және әкімшілік биліктердің қарауынан иммунитеті болады;

2) тұрғын үйіне қол сұғылмайды;

3) егер ресми немесе жеке пайдалануға арналмаған заттар мен өзге де мүлкі бар деп болжамдауға маңызды негіздер болмаса, іс-шара өткізілетін аумақтың Тарабы заңнамасымен шектелген немесе шеттен әкелу не әкетуге тыйым салынған заттар мен өзге де мүлкі болмаса, бірге алып жүретін багаж бен қол жүгі кедендік тексеруден босатылады;

4) болу мемлекетіне кіру және одан шығу бойынша шектеулерден, шетелдіктер ретінде тіркелуден және уақытша тұруға рұқсат алудан босатылады.

2. Осы баптың ережелері өкілдік пен азаматы немесе өкілі болып табылатын не болған Тараптың билеушілері арасындағы өзара қарым-қатынасқа қолданылмайды.

20-бап

Тараптар өкілдерінің пайдаланатын артықшылықтары мен иммунитеттері олардың жеке пайдасына емес, өз Тарапының мүдделері үшін ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз түрде орындау үшін беріледі.

21-бап

Тараптардың өкілдері тұрып жатқан тұрғын жайлары, үй жиһаздары мен басқа да мүлкі, сондай-ақ олардың қызметтік қажеттіліктері үшін пайдаланатын көлік құралдары тінтуден, реквизициялаудан, тыйым салудан және атқарушылық іс-әрекеттерден иммунитетті пайдаланады.

22-бап

Тарап өкілдерінің мұрағаттары мен құжаттарына кез келген уақытта ақпарат көздеріне және олардың орналасу жеріне қарамастан қол сұғылмайды.

23-бап

Болу мемлекеті егер келу тыйым салынған немесе ол мемлекеттік қауіпсіздік мақсатында реттелетін аймақтар туралы заңнамаға қайшы келмесе, өз аумағында барлық Тараптардың өкілдеріне функцияларын орындауға қажетті мөлшерде жүріп-тұру және сапарлар жасау еркіндігін қамтамасыз етеді.

4. ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдіктердің және олардың қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері 24-бап

1. Тараптар болу мемлекетінің аумағында ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдіктерді құра алады.

Тұрақты өкілдік болу мемлекетінің аумағында заңды тұлғаның құқығын пайдаланады және өз мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін, оның ішінде: шарт жасасуға;

жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алуға, жалға алуға, иелігінен шығаруға және оларға иелік етуге;

кез келген валютада банктік шотқа ие болуға;

өзінің ақшалай қаражатын шет мемлекетке аударуға және шет мемлекетінен ақшалай аударымдарды алуға;

сотта талапкер немесе жауапкер, сондай-ақ үшінші тарап ретінде болуға құқылы.

Айтылған құқық болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы бапта көзделген құқықтарды Тұрақты өкілдіктің атынан ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл не оны алмастырушы тұлға жүзеге асырады.

25-бап

Тұрақты өкілдікке оның басшысы міндетін жүзеге асыратын ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілден басқа ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері де кіреді.

26-бап

1. Тұрақты өкілдіктің үй-жайына, соның ішінде Тұрақты өкілдің жеке резиденциясына қол сұғылмайды.

2. Болу мемлекетінің басқарушылары бұл үй-жайларға өртті немесе кейінге қалдырылмайтын қорғау шараларын талап ететін басқа да жағдайларды қоспағанда, Тұрақты өкілдің келісімімен ғана кіре алады.

3. Тұрақты өкілдіктің үй-жайы, сондай-ақ Тұрақты өкілдіктің қозғалыс құралдары тінтуден, реквизициялаудан, тыйым салудан және атқарушылық іс-әрекеттерден иммунитетті пайдаланады.

27-бап

Тұрақты өкілдіктің мұрағаттары мен құжаттарына кез келген уақытта ақпараттың көздеріне және олардың орналасқан жеріне қарамастан қол сұғылмайды.

28-бап

Тұрақты өкілдіктің өз үй-жайларына жіберуші мемлекеттің жалауы мен эмблемасын орналастыру құқығы бар.

29-бап

Болу мемлекеті жіберуші мемлекеттің Тұрақты өкілдік үшін қажетті үй-жайларды алуына немесе сатып алуына көмек көрсетеді.

30-бап

Тұрақты өкілдік өзінің ресми байланыс құралдарына қатысты болу мемлекеті дипломатиялық өкілдіктерге ұсынатынынан да кем емес қолайлы жағдайларды пайдаланады.

31-бап

Тұрақты өкілдік, коммуналдық төлемдер табылатындарды және қызмет көрсетудің өзге де түрлерін қоспағанда, болу мемлекетінің аумағында өз мақсаттары мен міндеттерін орындауға байланысты алынатын барлық салықтар мен алымдардан, баждардан және басқа да төлемдерден босатылады.

32-бап

ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдіктер, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдер, дипломатиялық, әкімшілік-техникалық персоналдың мүшелері, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері және қызмет көрсетуші персоналдың мүшелері болу мемлекетінің азаматы болып табылмаған жағдайда, 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктеріне, дипломатиялық агенттеріне және әкімшілік-техникалық персоналға, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктерге қызмет көрсетуші персоналға берілетін көлемде артықшылықтарды, иммунитеттер мен жеңілдіктерді пайдаланады.

Осы баптың қолданысы болу мемлекетінің ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдігіне таралмайды.

33-бап

ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса немесе онда тұрақты тұрмайтын болса, болу мемлекетіндегі мемлекеттік борыштардан босатылады.

34-бап

Болу Тарапының заңнамасында көзделген жағдайда ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл мен ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері кеден баждарын, салықтарды және осыған байланысты алымдарды төлеуден босатыла
о т ы р ы п , м ы н а д а й :

- 1) Тұрақты өкілдіктің ресми пайдалануына арналған заттар мен өзге де мүліктерді;
- 2) ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдің және Тұрақты өкілдіктің персоналы мүшелерінің жеке пайдалануына арналған заттар мен өзге де мүліктерді әкелуіне
р ұ қ с а т б е р і л е д і .

ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл мен ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналы мүшелерінің өздерімен бірге алып жүретін багаж бен қол жүгі, егер олардың ішінде осы баптың 1-абзацында көрсетілген алынуға жатпайтын заттар мен өзге де мүліктер немесе әкелінуі мен әкетілуі болу мемлекетінің заңымен тыйым салынған немесе заңнамасымен реттелетін заттар мен өзге де мүліктер бар деп болжамдауға маңызды негіздер болмаса, кедендік тексеруден босатылады. Мұндай жағдайларда тексеру одан босатылуға жататын тұлғаның немесе оның уәкілетті өкілінің қатысуымен
ғ а н а ж ү р г і з і л е д і .

Осы баптың қолданысы егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылса немесе онда тұрақты тұратын болса, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілге және ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелеріне қатысты таралмайды.

35-бап

ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл мен ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері болу мемлекетінде ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді қоспағанда, жеке пайдасы үшін кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызметпен айналыспауы тиіс.

Ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерден табыс алған жағдайда, бұл табыстарға болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес салық салынады.

36-бап

Жіберуші мемлекет дипломатиялық немесе өзге де келісілген жолдары бойынша Интеграциялық Комитет пен болу мемлекетін:

1) ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдің, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдіктің персоналы мүшелерінің тағайындалғаны туралы, олардың лауазымы мен атағы, олардың келуі мен біржолата кетуі туралы немесе олардың Тұрақты өкілдікте функцияларын тоқтатуы туралы, сондай-ақ Тұрақты өкілдіктегі қызметі кезінде олардың мәртебесіне өзінің әсерін тигізуі мүмкін басқа да өзгерістер туралы;

2) ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл немесе ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналы мүшесінің отбасы мүшесі болып табылатын және онымен бірге тұратын кез келген тұлғаның келуі мен біржолата кетуі және тиісті жағдайларда белгілі бір тұлғаның отбасы мүшесі болатыны немесе болуын тоқтататыны туралы;

3) әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші персоналдың Тұрақты өкілдіктегі жұмысының басталуы мен тоқтатылуы туралы;

4) осы Конвенцияның 26-бабына сәйкес қол сұғылмайтын үй-жайлардың орналасу жері туралы, сондай-ақ осындай үй-жайларды сәйкестендіруге қажет болуы мүмкін кез келген басқа да мәліметтерді хабарлайды.

37-бап

1. Конвенцияның осы бөліміне сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерге құқығы бар әрбір тұлға, оларды өзінің қызмет орнына бару кезінде мемлекетінің аумағына келген сәтінен бастап, немесе, егер ол тұлға сол аумақта болып, оның тағайындалуы туралы ЕурАзЭҚ немесе жіберуші мемлекет болу мемлекетіне хабарлаған сәтінен б а с т а п п а й д а л а н а д ы .

Егер артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланушы адамның функциялары аяқталса, оның артықшылықтары мен иммунитеттері, әдетте, сол адам болу мемлекетінің аумағын қалдырған кезде немесе оны істеудің саналы мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады. Алайда, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналы мүшесі функциясын орындау кезінде осындай тұлғаның жасаған іс-әрекеттеріне қатысты иммунитеті қолданысын жалғастырады.

2. ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл немесе ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналы мүшесі немесе оның отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелері өздерінің артықшылықтар мен иммунитеттерге құқығын болу мемлекетінің аумағын қалдырудың саналы мерзімі өткенге дейін пайдалана алады.

3. ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл немесе ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналы мүшесі не онымен бірге тұратын отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда, болу мемлекеті оның аумағы шегінде сатып алынған және ол қайтыс болған кезде алып

кетуге тыйым салынған бүкіл мүлікті есептемегенде, қайтыс болған адамның жылжымалы мүлкін алып кетуіне рұқсат береді. Болу мемлекетіне ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл Тұрақты өкілдіктің қызметкері немесе оның отбасы мүшесі ретінде келіп, қайтыс болғанына байланысты ғана оның сол мемлекеттегі жылжымалы мүлкіне мұра салығының түрлері алынбайды.

38-бап

1. ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл немесе ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері, әдетте, жіберуші мемлекеттің азаматтары болып табылады.

2. Болу мемлекетінің азаматы болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл тек сотта және басқа мемлекеттік органда қаралу иммунитеті мен өз функцияларын орындау кезінде ресми іс-әрекеттеріне қатысты қолсұғылмаушылық иммунитетін ғана пайдалана алады.

3. Болу мемлекетінің азаматы болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері болу мемлекеті рұқсат ететін көлемде ғана артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. Бірақ болу мемлекеті осы тұлғаларға қатысты юрисдикциясын Тұрақты өкілдіктің өз функцияларын орындауына негізсіз араласпай, жүзеге асыруы тиіс.

39-бап

ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл және ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерге нұқсан келтірместен болу мемлекетінің заңнамасын құрметтеуге міндетті.

Олар сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істеріне де араласпауға міндетті.

40-бап

ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл және ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері өздері пайдаланатын немесе оларға тиесілі барлық көлік құралдарына қатысты үшінші адамдардың алдындағы жауапкершілікті сақтандыру туралы болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес міндеттемелерді орындауы тиіс.

Тұрақты өкілдіктің үй-жайлары мен ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналының мүшелері мен олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй-жайлары ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдің, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдіктің персоналы мүшелерінің ресми функцияларды орындауына сәйкес келмейтін мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.

41-бап

Болу мемлекетінің азаматы болып табылмайтын ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдерге және Тұрақты өкілдіктің дипломатиялық персоналына дипломатиялық карточкалар беріледі. Болу мемлекетінің азаматы болып табылмайтын Тұрақты өкілдіктің әкімшілік-техникалық және қызмет көрсету персоналының мүшелеріне тиісті санаттағы аккредиттеу карточкалары беріледі.

42-бап

1. Жіберуші Тарап иммунитет сот әділдігін жүзеге асыруға кедергі келтіреді және одан бас тарту берілген иммунитетке байланысты мақсаттарға нұқсан келтірмейді деп тапқан жағдайда, ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдің және ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналы мүшелерінің иммунитетінен бас тартуы мүмкін.

2. Бас тарту айқын білдірілуі тиіс.

3. Егер жіберуші Тарап азаматтық талапқа қатысты ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкіл немесе ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдіктің персоналы мүшелерінің иммунитетінен бас тартпайтын болса, ол істің әділетті шешілуіне барлық күшін салады.

4. ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдің немесе ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналы мүшелерінің берген талап-арызы оны болу мемлекетінің негізгі талаппен тікелей байланысты кез келген қарсы талап қоюға қатысты иммунитетке сілтеме жасау құқығынан айырады.

43-бап

Егер келу тыйым салынған немесе ол мемлекеттік қауіпсіздік мақсатында реттелетін аймақтар туралы заңнамаға қайшы келмесе, болу мемлекеті өз аумағында ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдің және ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдік персоналы мүшелерінің функцияларын орындауға қажетті мөлшерде жүріп-тұру және сапарлар жасау еркіндігін қамтамасыз етеді.

44-бап

Болу мемлекеті және ЕурАзЭҚ органдары ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдіктің өз функцияларын орындауына көмек көрсетеді.

5. ЕурАзЭҚ органдарының еңбек қатынастары және оны әлеуметтік қамсыздандыру 45-бап

1. Бас хатшының, ЕурАзЭҚ органдары лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің еңбек қатынастарын Қоғамдастық реттейді.

2. ЕурАзЭҚ органдарының техникалық және қызмет көрсетуші құрамының еңбек қатынастары болу мемлекетінің заңнамасымен реттеледі.

46-бап

1. Бас хатшы, ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету олар азаматтары болып табылатын Тараптың заңнамасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, зейнетақымен қамтамасыз ету аударымдарын Қоғамдастық бюджетінен азаматтары Бас хатшы, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер болып табылатын ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің тиісті қорларына Тараптар мемлекетінің заңнамасына сәйкес ЕурАзЭҚ органдары жүргізеді.

2. Бас хатшыға, ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне зейнетақы төлеу бойынша шығыстар олар азаматтары болып табылатын мемлекет есебінен жүргізіледі.

47-бап

1. Бас хатшыға, ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне әлеуметтік сақтандыру (қамсыздандыру) жөніндегі жәрдемақы тағайындау және төлеу – аумағында аталған адамдар жұмыс істейтін мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақыларды төлеу бойынша шығыстар аумағында Бас хатшы, ЕурАзЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жұмыс істейтін мемлекет есебінен өзара есеп айыруларсыз жүргізіледі. Бұл ретте әлеуметтік және медициналық сақтандыру қорларына аударымдар болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес Қоғамдастық бюджетінен жүргізіледі.

48-бап

Зейнетақыны немесе әлеуметтік сақтандыру (қамсыздандыру) бойынша жәрдемақыны тағайындау кезінде азаматтары болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес Бас хатшы, ЕурАзЭҚ органының лауазымды тұлғасы немесе қызметкері ретінде жұмыс істеу кезеңі сақтандыру немесе еңбек өтіліне есептеледі.

6. Қорытынды ережелер 49-бап

Егер осы Конвенция 1-бапта көрсетілген тұлғалар үшін үлкен көлемде артықшылықтар мен иммунитеттер беретін болса, онда осы Конвенция ЕурАзЭҚ

шеңберінде Тараптарға қатысты артықшылықтар мен иммунитеттерді беруді реттейтін халықаралық шарттар алдында басымдығы болады.

50-бап

1. Осы Конвенцияның ережелері Кеден одағы комиссиясы Хатшылығының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне де таралады.

2. Кеден одағы комиссиясының Жауапты хатшысы және оның отбасы мүшелері Бас хатшы мен оның отбасы мүшелері сияқты артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

51-бап

Осы Конвенцияны қолдануға немесе түсіндіруге байланысты туындаған даулар мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы шешіледі.

Тараптар алты ай ішінде келісімге қол жеткізбеген жағдайда, осы Конвенцияны қолдану немесе түсіндіруге байланысты туындаған дауды кез келген мүдделі Тарап Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының қарауына береді.

52-бап

1. Осы Конвенция ратификациялауға жатады. Ратификациялау грамоталары депозитарий болып табылатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетіне сақтауға тапсырылады.

2. Осы Конвенция соңғы ратификациялау грамотасын депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

53-бап

Осы Конвенция күшіне енген күнінен бастап 2001 жылғы 31 мамырдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция өз күшін жояды.

54-бап

Осы Конвенция Шарттың 9-бабына сәйкес ЕурАзЭҚ мүшелігіне енетін кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық. Осы Конвенцияға қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылатын мемлекет үшін осы Конвенция қосылу туралы құжат депозитарийге сақтауға тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

55-бап

Тараптардың кез келгені депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы
К о н в е н ц и я д а н ш ы ғ а а л а д ы .

Бұл Тарапқа қатысты осы Конвенцияның күші осындай хабарламаны депозитарий
алған күнінен бастап 6 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

56-бап

Осы Конвенцияға осы Конвенцияның 52-бабында көзделген тәртіппен күшіне
енетін жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Осы Конвенция 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық
қоғамдастықты құру туралы шарттың қолдану мерзімі ішінде күшінде болады.

Конвенцияның түпнұсқа данасы куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа
жолдайтын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінде
с а қ т а л а д ы .

_____ қаласында 20____ жылғы «____» _____ орыс тілінде бір түпнұсқа
данада жасалды.

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін